



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

201__ ЖЫЛҒЫ _____

№ _____

15.04.2019-ғы № 145 шығыс хаты
Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын
іске асыру жағдайындағы тәрбиенің
тұжырымдамалық негіздерін
қабылдау туралы**

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері қабылдансын.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыру жөніндегі 2019-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығының күші жойылсын.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (З.Ә Мақсұтова) осы бұйрықты облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э. А. Суханбердиеваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

К. Шәмшидинова

